

# ДИНОЗАВРЛАР



# Жалпы мәлімет

- Динозаврлар – 160 миллионға жуық жылдар бойы (225 миллион жыл бұрынғы кезден бастап, 65 миллион жыл бұрынғы кезге дейін) Жер бетіндегі ең басым жануарлар болды. Алып динозаврлар жануарлардың барлық кезеңдегі ең ірілері болды және олар көлемі жағынан пілдерден біраз асып түсетін. Ерте кездегі ұшатын бауырымен жорғалаушылар (рептилиялар) аспанға көтерілетін ең үлкен жануарлар болды. Жер үсті алыптарынан өзге мұхитта да құбыжық (монстр) жорғалаушылар өмір сүрді.



# Балалары

Өз ата-аналарының аумаған кішкентай динозаврлардың балалары қандай болған? Өз ата-аналарының аумаған кішкентай көшірмесі сияқты болған. Бауырымен жорғалаушылар болып табылатын динозаврлар жұмыртқа салған. Олардың арасында маязавр сияқты кейбіреулері қамқор ата-аналар болған. Олар ұя жасап, жұмыртқаларын жыртқыштардан қорып, балалары аяқтанып кеткенге дейін қасынан шықпаған.



# Динозаврлардың жойылуы

- Жаппай жойылудың үлкен мысалдарының бірі ол бор дәуірінің соңында динозаврлардың жойылуы. Динозаврларға бауырмен жорғалаушылардың екі отряды Saurischa және Ornitischа – олар бүкіл мезозой дәуірінде құрлықта тіршілік етті, сол себепті мезозой дәуірін кейде динозаврлар дәуірі деп те атайды. Мезозой дәуірінде динозаврлар өздерінің өрлеу шыңына жетті. Сол кезде олар екі отрядқа, 25 тұқымдасқа және 200-дей тұқымға жинақталды. Олардың ішінде аса ірілері браунтозаврлар мен тиранозаврлар болма, сонымен қатар ең кіші түрлері де болған. Бұл топтар барлық жер шарының құрлықтарында таралып, 100 миллион жыл бойы тіршілік еткен. Содан кейін бор дәуірінің соңында бірнеше миллион жыл ішінде олар мүлдем жойылды.

# Нақты дәлелдер

- Динозаврлар жойылуының нақты жорамалы жоқ. Әдебиеттерде олардың жойылу себептерін былай деп түсіндіреді; бор дәуірінің соңында динозаврлар үшін ауа райы тым суық болды, немесе тым ыстық болды, жергілікті сүтқоректілер олардың жұмыртқаларын жеп қойды; өсімдік жегіш динозаврлар мезозой дәуірінің өсімдіктерін жеп қойды; динозаврлар үлкен сәулелердің әсерінен жойылды, ол кезде жаңа жұлдыз жорық етуіне байланысты. Соңғы жорамалдарды мүлде алып тастауға болады. Себебі егер ондай сәулелер әсер еткен болса, олардың әсері бірнеше сағат қана, онда жер бетіндегі барлық жануарлар бірнеше сағатта жойылған болар еді. Ал динозаврлардың жойылуы бірнеше миллион жылға созылды. Бұл жерде климаттың біртіндеп өзгеруі динозаврлар жойылуына әсер етті деген жорамал дәлірек сияқты.

# Ең ең

- Ең қорқынышты қай динозаврлар болған? Ұзындығы 12 метрге, салмағы 6 тоннаға дейін жететін, жақтары үлкен және бірнеше қатар тістері бар тираннозавр рекс және аллозавр сияқты сүтқоректілер ең қорқынышты динозаврлар болған. Бірақ "жезтырнақ" - дейноних, адам бойымен бірдей велоцираптор және кішілеу стенонихозавр сияқты динозаврлар да олардан қалыспайтын. Бұл жауыз етқоректілер ең ақылды динозаврлар болған. Тираннозавр рекс өзінен әлсіздеу динозаврларды аңдыған, сондай-ақ ол өлген жануарларды да тағажау еткен. Кейбір құрбандар анкилозавр секілді қарсылық шабуылдар жасаған. Брахиозаврдың өте ұзын құйрығы мен сырықтай мойны. Қай жануарлар құрлықтағы ең ірілері болған? Тарихи кезеңге дейін сеймозавр және брахионавр сияқты бауырымен жорғалаушылар болды. 50 тонналық бауырымен жорғалаушылар үй сияқты өте үлкен болған. Олар тобырымен өмір сүрген, өсімдіктермен қоректенген және ағаштың басына дейін жететін ұзын мойындары болған. Аяқтарының тас болып қатып қалған іздері олардың жылдам жүгіре алатынын білдіреді. Қытайда сүйектері табылған шөпқоректі мамонхизаврдың 15 метрлік мойны болған. Бұл алып жануарлардың кейбіреулерінің құйрықтары мойындарынан да ұзын. Құрлықтағы ең үлкен сүтқоректі балухитерий болып табылады. Ол салмағы 30 тоннаны тартатын мүйізтұмсыққа ұқсайды. Бүгінгі таңда құрлықтағы ең үлкен жануар - салмағы не бары 7 тонналық африкандық піл!

# ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

- • Анкилозаврдың ұзындығы 10 метр, құйрығы түйреуіш тәрізді үшкір болып келеді. • Спинозаврдың ұзындығы 12 метрге дейін, ал салмағы 5 тоннаға дейін жеткен. • Стегозаврдың ұзындығы 7 метр, тікенек жапқан құйрығы және жотасында пластиналары болған. • Трицератопстың ұзындығы 9 метрге жеткен және сүйекті мойын жамылғысы мен үш мүйізі болған. Оның бас сүйегі - басқа жануарлардікіне қарағанда ең үлкені.

